

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 1-сі

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма Төрағасы – Ректор м.а.

Б.К. Мырзаев **Б.К. Мырзаев**

«31» 03 2026 ж.



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
2026-2030 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Түркістан, 2026

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕНДІ:


Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы



Ә. Дильмуратқызы
«31» 03 2026 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



Л.И. Шалабаева
«31» 03 2026 ж.

Аппарат басшысы



Искаков Т.Б.
«31» 03 2026 ж.

Академиялық даму бөлімінің басшысы




А.Ж. Альмухамбетова
«31» 03 2026 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы




Ж.А. Сейткулова
«31» 03 2026 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



Қ.Ж. Тубеков
«31» 03 2026 ж.

Заңгер



Е.А. Тасов
«31» 03 2026 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттар	4
3	Интернационалдандырудың миссиясы, пайымы және қағидаттары	4
4	Интернационалдандырудың қазіргі жағдайын талдау	6
5	Интернационалдандырудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттері (2026–2030)	7
6	Өзгерістер мен толықтырулар	7
7	Стратегияны іске асыру	8
8	Мониторинг және есептілік	8
9	Қорытынды ережелер	8
10	Өзгерістерді тіркеу парағы	9
11	Танысу парағы	10

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 4-сі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Жоғары білімнің интернационалдандырылуы ұлттық білім беру жүйелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, адами капиталды дамытудың және жаһандық білім беру және кәсіби кеңістікке интеграцияланудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Жаһандану және туризм мен қонақжайлылық индустриясының трансформациясы жағдайында интернационалдандыру ерекше маңызға ие болады, өйткені бұл сала өзінің табиғаты бойынша халықаралық, мобильді және мәдениетаралық өзара іс-қимылға бағытталған.

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) 2026-2030 жылдарға арналған Интернационалдандыру стратегиясы Университеттің 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының міндеттерін іске асыру, оның ішінде Университеттің халықаралық қызметін жүйелі және орнықты дамыту және оның жаһандық білім беру, ғылыми және кәсіптік кеңістікке кіруін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Стратегия Қазақстан Республикасының жоғары білімді интернационалдандыру саласындағы мемлекеттік саясатының басымдықтарын, Қазақстан Республикасының жоғары білімді интернационалдандыру стратегиясының ережелерін, Болон процесінің қағидаттарын ескере отырып әзірленді.

2. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰЖАТТАР

Осы Ереже келесі сыртқы нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
- Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы;
- «Білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2007 жылғы 27 желтоқсандағы № 661 бұйрығы;
- «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ-ның Академиялық саясаты;
- Қазақстан Республикасының жоғары білім беруді интернационалдандыру стратегиясы (СИВОРК-2025);
- «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ-ның 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы.

3. ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУДЫҢ МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ

Жаһандық туризм индустриясы мен қонақжайлылық үшін бәсекеге қабілетті кадрларды қалыптастыру **Университеттің негізгі миссиясы** болып табылады және оның жоғары халықаралық бәсекелестік, ұтқырлық және мәдениетаралық өзара іс-қимыл жағдайында тиімді жұмыс істеуге қабілетті жоғары білікті кадрларды даярлаудың ұлттық орталығы ретіндегі рөлін көрсетеді. Бұл миссияны іске асыру туризм және қонақжайлық индустриясының нақты процестерімен академиялық оқытуды тығыз интеграциялауға негізделген практикалық-бағдарланған білім беру арқылы, дуалды оқытуды белсенді енгізу, сондай-ақ білім беру, ғылыми және кәсіби қызметті жүйелі интернационалдандыру арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тәсіл түлектерде тек кәсіби құзыреттерді ғана емес, сонымен қатар халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие икемді дағдыларды, соның ішінде мәдениетаралық коммуникацияны, бейімделгіштікті және көпұлтты ортада жұмыс істеу

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 5-сі

қабілетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Университеттің 2030 жылға дейінгі пайымы оның Орталық Азияда туризм және қонақжайлық саласы үшін жоғары білікті кадрларды даярлаудың ұлттық орталығы ретінде позицияларын институционалдық нығайтуға ұмтылысына негізделеді. Университет өз рөлін университеттердің, зерттеу орталықтарының және индустриялық серіктестердің жаһандық желілеріне интеграцияланған халықаралық білім беру және кәсіби қоғамдастықтың белсенді қатысушысы ретінде қарастырады. 2030 жылға қарай Университет халықаралық білім беру нарығында қатысуын кеңейтуге, ағылшын тіліндегі, бірлескен білім беру және қос дипломды бағдарламаларды дамытуға, халықаралық танымалдылығын арттыруға және жетекші шетелдік білім беру ұйымдарымен және индустрия өкілдерімен тұрақты серіктестік байланыстарды нығайтуға бағдарланады.

Миссияны іске асыру және стратегиялық пайымға қол жеткізу интернационалдандырудың тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін қағидаттар жүйесіне негізделеді. Университеттің осы саладағы қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатына және жоғары білімнің, ғылымның және туристік саланың дамуының ұлттық басымдықтарына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады, бұл стратегиялық шешімдердің институционалдық сабақтастығы мен келісімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар интернационалдандыру процестерінің сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, олардың ұзақ мерзімді нәтижелерге бағдарлануына және Университетті басқару мен дамытудың негізгі процестеріне интеграциялануына ерекше назар аударылады.

Интернационалдандырудың практикалық және индустриялық бағыттылығы Университеттің негізгі бәсекелік артықшылығы ретінде қарастырылады және дуалды оқытуды дамыту, халықаралық тағылымдамалар, білім беру процесіне шетелдік сарапшылар мен индустрия өкілдерінің қатысуы, сондай-ақ халықаралық туристік және қонақ үй ұйымдарымен бірлескен жобалар арқылы жүзеге асырылады. Интернационалдандыру сондай-ақ білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық ұтқырлығын және серіктестігін дамытуға негізделеді, олар біліммен, тәжірибемен және үздік практикалармен алмасуға, білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрам үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге, сондай-ақ Университеттің халықаралық деңгейдегі академиялық және кәсіби беделін арттыруға бағытталған.

Интернационалдандырудың ажырамас элементі мәдениетаралық диалогты, өзара құрметті және жаһандық азаматтықты дамытуға ықпал ететін көпмәдениетті университеттік ортаны қалыптастыру болып табылады. Университет интернационалдандыруды тек бәсекеге қабілеттілікті арттыру құралы ретінде ғана емес, сондай-ақ мәдени әртүрлілік, академиялық еркіндік және жаһандық қоғамдастық алдындағы жауапкершілік бағаланатын ашық білім беру кеңістігін қалыптастыру факторы ретінде қарастырады.

Университет интернационалдандыруының негізгі нысандарына мыналарды жатқызуға болады:

- білім беру процесі шенберінде шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен және қос дипломды бағдарламалар;
- бірлескен зерттеу жобаларын іске асыру;
- халықаралық стандарттарға сәйкес келетін оқу жоспарларын әзірлеу;
- білім алушылардың академиялық ұтқырлығы;
- профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы;
- шетелдік білім алушыларға арналған тілдік бағдарламалар;
- дәрістер курсына оқу үшін шетелдік ғалымдарды шақыру;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 6-сі

- білім беру бағдарламаларын шет тілінде іске асыру;
- білім алушылардың, магистранттардың, докторанттардың тағылымдамалары;
- профессор-оқытушылар құрамының тағылымдамалары;
- ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру және оларға қатысу;
- білім алушылар мен оқытушылардың жазғы, қысқы мектептерді (оның ішінде бірлескен) ұйымдастыруы және оларға қатысуы;
- халықаралық және өңірлік білім беру көрмелеріне, ұйымдарға, қорларға, жобаларға (DAAD, Erasmus + және т.б.) қатысу;
- халықаралық гранттар шеңберінде профессор-оқытушылар құрамының жұмысы;
- шетелдік басылымдардағы жарияланымдық белсенділікті кеңейту.

4. ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

4.1 Университеттегі интернационалдандыру белсенді қалыптасу және институционалдану кезеңінде тұр, бұл Университеттің өз ұстанымын нығайтуға ұмтылысын көрсетеді. Халықаралық қызметтің негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

4.1.1 **Шетелдік білім беру және кәсіби ұйымдармен серіктестіктерді дамыту.** Университет әлем бойынша университеттермен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен және кәсіби қауымдастықтармен ынтымақтастықты белсенді түрде жолға қоюда, бұл академиялық алмасу, бірлескен жобалар, зерттеулер мен жарияланымдар мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ Университеттің халықаралық имиджін нығайтуға мүмкіндік береді.

4.1.2 **Ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларын енгізу.** Ағылшын тіліндегі бағдарламаларды құру шетелдік білім алушыларды тартуға, сондай-ақ жергілікті білім алушылардың халықаралық кәсіби және академиялық ортадағы құзыреттерін арттыруға бағытталған. Бұл әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін академиялық органы қалыптастыруға ықпал етеді.

4.1.3 **Дуалды оқыту мен халықаралық тағылымдамаларды интеграциялау.** Университет теориялық дайындық пен шет елдердің практикалық тәжірибесін біріктіретін бағдарламаларды әзірлейді, бұл түлектердің халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады және елдер арасында білім мен үздік тәжірибелер алмасуын ынталандырады.

4.1.4 **Халықаралық бағытталған академиялық және білім алушылар ортасын қалыптастыру.** Әртүрлі ұлт өкілдері болып табылатын білім алушылар мен оқытушылардың белсенді өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасалады, халықаралық клубтарды, академиялық қауымдастықтар мен іс-шараларды дамыту жүзеге асырылады, бұл мәдени ашықтыққа, көпмәдениетті құзыреттілікке және жаһандық ойлауға ықпал етеді.

4.2 Университет жас және дамып келе жатқан білім беру мекемелеріне тән бірқатар институционалдық және сыртқы сын-қатерлерге тап болады. Олардың қатарында халықаралық жобалар үшін ресурстардың шектеулілігі, халықаралық педагогика және әкімшілендіру саласында академиялық персоналдың біліктілігін арттыру қажеттілігі, сондай-ақ неғұрлым қалыптасқан жаһандық ойыншылармен бәсекелестік бар.

4.3 Университетке интернационалдандырудың интеграцияланған стратегияларын әзірлеу қажет, олар инфрақұрылымды жақсартуды, кадрлық әлеуетті дамытуды, халықаралық байланыстарды нығайтуды және өз академиялық бағдарламаларын жаһандық аренада белсенді ілгерілетуді қамтиды. Мұндай тәсіл Университеттің беделін арттырып қана қоймай, сонымен қатар инновациялық даму, білім алмасу және халықаралық кәсіби және ғылыми ортада тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлау үшін тұрақты платформа құруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 7-сі

5. ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ (2026-2030)

5.1 Университеттің интернационалдандыруы 2026-2030 жылдар аралығында халықаралық білім беру кеңістігінде позицияларын жүйелі нығайтуға, білім беру және ғылыми бағдарламалардың сапасын арттыруға, сондай-ақ халықаралық бағытталған университеттік ортаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл стратегиялық бағыттың негізгі мақсаты Университетті жаһандық академиялық, кәсіби және ғылыми желілерге интеграциялау болып табылады.

5.1.1 **Білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру.** Университет ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының тізімін кеңейтуді, шетелдік университеттермен бірлескен және қос дипломды бағдарламаларды әзірлеуді және білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредитациясын қамтамасыз етуді мақсат етеді. Бұл мақсатты іске асыру түлектердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Университеттің академиялық имиджін нығайтуға мүмкіндік береді.

5.1.2 **Халықаралық серіктестікті дамыту.** Университет стратегиялық шетелдік серіктестер желісін қалыптастырады, халықаралық қонақ үй және туристік желілермен ынтымақтастықты дамытады. Бұл мақсатқа қол жеткізу академиялық және кәсіби байланыстарды кеңейтуге, бірлескен жобаларды дамытуға және Университеттің халықаралық имиджін нығайтуға ықпал етеді.

5.1.3 **Академиялық ұтқырлықты дамыту.** Университет білім алушылар мен оқытушылардың шығу және кіру бағытындағы ұтқырлығын арттыруға, қысқа мерзімді халықаралық тағылымдамалар мен практикаларды дамытуға бағытталған. Бұл жаһандық құзыретті академиялық қауымдастық қалыптастыруға және білім беру бағдарламаларының халықаралық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

5.1.4 **Ғылыми және жобалық қызметті интернационалдандыру.** Университет туризм саласындағы халықаралық қолданбалы зерттеулерге қатысады, зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми басылымдарда жариялайды, сондай-ақ бірлескен ғылыми және білім беру жобаларын іске асыру үшін шетелдік сарапшылар мен практиктерді тартады. Бұл мақсат ғылыми әлеуетті арттыруға және Университетті халықаралық ғылыми қауымдастыққа интеграциялауға бағытталған.

5.1.5 **Халықаралық бағытталған университеттік ортаны қалыптастыру.** Университет шетелдік білім алушыларға қолдау көрсету қызметтерін дамытады, оқытушылар мен қызметкерлердің шетел тілдерін меңгеру деңгейін арттырады, студенттік клубтар, мәдени іс-шаралар және халықаралық академиялық қауымдастықтар арқылы көпмәдениетті университеттік ортаны құрады. Бұл мақсатты іске асыру ашық және қолдаушы академиялық ортаны қалыптастыруды қамтамасыз етеді, Университеттің шетелдік білім алушылар мен оқытушылар үшін беделі мен тартымдылығын арттырады.

6. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

6.1 Интернационалдандыру стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоғары білім саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және Университет ішіндегі ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

6.2 Өзгерістер енгізілген жағдайда, Университетте қолданыстан шыққан Интернационалдандыру стратегиясының барлық даналары айналымнан алынып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ 2026-2030 жылдарға арналған интернационалдандыру стратегиясы		Ф-04-01/19
Бекітілген 31.03.2026 ж.	Басылым №1	10 беттің 8-сі

7. СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ

Осы Стратегияны жүзеге асыру нақты іс-шаралар, орындау мерзімдері, тиімділік көрсеткіштері және жауапты бөлімдерді қамтитын Жол картасын әзірлеу және орындау арқылы жүзеге асырылады.

8. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

Университет жыл сайын Интернационалдандыру стратегиясы мен Жол картасының жүзеге асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

Жол картасының іс-шараларын орындау нәтижелері Университеттің есептік және аналитикалық құжаттарында көрініс тауып, басқарушылық шешімдерді түзету үшін қолданылады.

9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Интернационалдандыру стратегиясы белгіленген тәртіппен бекітіліп, бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

